**"Эрдэнэт" бірлескен кәсіпорнының талаптары бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 172-ө өкімі

"Эрдэнэт" бірлескен кәсіпорнының талаптары бойынша ұсыныстар әзірлеу және осы кәсіпорынның өкілдерімен келіссөз жүргізу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Бекбосынов Сабыржан Мәдиұлы - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, жетекші;

Болатбекова Гүлбағила Қоңырбайқызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Халықаралық қаржы қатынастары департаменті директорының орынбасары, жетекшінің орынбасары;

Нұрғалиев Мұрат Ерғалиұлы - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау, шарттар және талап қою-қуыну жұмыстары басқармасының жетекші маманы, хатшы;

Сәрекенов Данияр Қабидоллаұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Азия, Таяу Шығыс және Африка департаменті Шығыс Азия бөлімінің бастығы;

Мамырбеков Ерлан Зарымханұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Заң қызметі департаментінің қаржы органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету басқармасы бастығының орынбасары;

Өтеғұлов Мәулен Амангелдіұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Мемлекеттік қарыз алу мен кредит беруді жоспарлау департаментінің директоры;

Мұқанов Төлеген Мұқанұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп салалары

департаменті негізгі салалар басқармасының бастығы;

Жәкенов Асқар Серікжанұлы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау, шарттар және талап қою-қуыну жұмыстары басқармасының бастығы.

2. Жұмыс тобы 2003 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде "Эрдэнэт" бірлескен кәсіпорнының талаптары бойынша ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК